

Астық нарығын реттеу, мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парапттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 15-3/1134 және Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 813 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 30 желтоқсанда № 12654 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 259 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 63 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.07.2019 № 259 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.07.2019 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ** :

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес астық нарығын реттеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес астық нарығын реттеу саласындағы тексеру парагы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы тексеру парагы бекітілсін.

2. "Астық нарығын реттеу, мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парапттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетің атқарушының 2015 жылғы 3 шілдедегі № 15-03/609 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 522 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11860 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықты алған құннен бастап құнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Ауыл

министрі

_____ А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратуrasesы Құқықтық

статистика және арнайы есепке

алу жөніндегі комитетінің төрағасы

_____ С. Айтпаева

201 жылғы "___"

Республикасының Қазақстан

шаруашылығы Ұлттық

министрі

_____ Е. Досаев

Республикасының

экономика

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің

2015 жылғы 25 желтоқсандағы

№ 15-03/1134 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

2015 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 813 бірлескен бұйрығына

1-қосымша

Астық нарығын реттеу саласындағы

тәуекел дәрежелерін бағалау өлшемшарттары

1. Жалпы ережелер

1. Осы астық нарығын реттеу саласындағы тәуекел дәрежелерін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы З-тармағына сәйкес, астық нарығын реттеу саласындағы бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу және ішінәра тексеру жүргізу кезінде тексерілетін субъектілерді іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) болмашы бұзушылық – астық саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптарды астық нарығы саласындағы құжаттаманы дұрыс жүргізбеу бөлігінде бұзу;

2) елеулі бұзушылық – астық саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптарды астықты қысқы сақтау жағдайына ауыстыру бойынша іс-шараларды уақтылы жүргізбеу, технологиялық жабдықтардың сәйкессіздігі, астық нарығы саласындағы ақпараттар мен құжаттамаларды уақтылы ұсынбау бөлігінде бұзу;

3) объективті өлшемшарттар – бақылау субъектілерін (объектілерін) астық нарығын реттеу саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты және жекелеген бақылау субъектісінен (объектісінен) тәуелсіз іріктеу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

4) өрескел бұзушылық – "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының кодексінде көзделген әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соқтыратын Қазақстан Республикасының астық нарығын реттеу саласындағы талаптарды астықтың сандық-сапалық сақталуының нашарлауына, оның ішінде астықтың жоғалуы мен бүліну, астықты сақтау шарттарын сақтамау, астық қабылдау кәсіпорындарының, оларға берілген (шығарылған) астық қолхаты бойынша міндеттемелерді орындамауы, бақылау субъектілеріне астық нарығындағы қатысуышылардан расталған шағымдар мен өтініштердің болуы, сондай-ақ астықты экспортқа астық сапасының тиісті паспорттынсыз жіберу фактілеріне алып келетін бұзушылықтар бөлігінде бұзу;

5) субъективті өлшемшарттар - нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежелерін бағалау өлшемшарттары;

6) тәуекел - тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде астық туралы заңнама талаптарының бұзылу салдарынан астықтың, оның ішінде мемлекеттік астық ресурстарының жоғалу, кем шығу, бүліну, зақымдану, сапасы төмендеу

түрінде келтірілген оның салдарларының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, жеке және заңды тұлғалардың заңды мұдделеріне, мемлекеттің мұліктік мұдделеріне зиян келтіру ықтималдылығы.;

7) тексерілетін субъектілер – астықты өндіруге, сақтауға, тасымалдауға, қайта өндеуге және өткізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар (астық қабылдаушы кәсіпорындар, аккредиттелген зертханалар), сондай-ақ астық қабылдау кәсіпорындары қызметіне бақылауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.06.2016 № 263 және КР Ұлттық экономика министрінің 28.06.2016 № 290 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

3. Бақылау субъектілерін тәуекелдің дәрежелері бойынша бөлу объективті және субъективті критерийлер негізінде жүзеге асырылады.

2. Объективті өлшемшарттар

4. Объективті өлшемшарттар тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тәуекел дәрежелері (жоғары және жоғарыға жатқызылмаған) бойынша бөлу мақсатында әзірленген.

5. Бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежелерін бағалау және оларды тәуекелдің жоғары тобына жатқызу бақылау субъектінің қызметі нәтижесінде оның салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мұдделеріне, мемлекеттің мұліктік мұдделеріне зиян келтіру ықтималдылығы негізінде объективті өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады.

6. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне астық қабылдау кәсіпорындары жатады.

7. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылмағандарға астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалар, астық қабылдау кәсіпорындары қызметіне бақылауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар жатады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.06.2016 № 263 және КР Ұлттық экономика министрінің 28.06.2016 № 290 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

8. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған тексерілетін субъектілерге (объектілерге) қатысты ішінара, жоспардан тыс тексерулер мен бақылаудың өзге де нысандары қолданылады.

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылмаған тексерілетін субъектілерге (объектілерге) қатысты жоспардан тыс тексерулер мен бақылаудың өзге де нысандары қолданылады.

3. Субъективті өлшемшарттар

9. Субъективті өлшемшарттар техникалық регламенттің және тексеру параптерында санамаланған астық нарығын реттеу саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптары негізінде өзірленген, олар үш дәрежеге бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы және осы Өлшемшарттарға қосымшада келтірілген.

10. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады.

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелді бағалау.

Бақылау субъектілері бойынша ақпаратты талдау үшін мынадай ақпарат қөзі пайдаланылады:

1) бақылау субъектілерін бұрынғы тексерулерді талдау нәтижелері бұл ретте, бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеру параптерында көрсетілген заңнама талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді;

2) бақылау субъектілері астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

3) бақылау субъектілеріне заңды немесе жеке тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түсетін расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.06.2016 № 263 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.06.2016 № 290 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

11. Осы өлшемшарттардың 10-тармағында айқындалған ақпарат көздерінің негізінде осы өлшемшарттарға қосымшага сәйкес тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары айқындалады, оларға тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері беріледі.

12. Субъективті өлшемшарттардың тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

13. Алдыңғы тексерулер нәтижелері бойынша тәуекел дәрежелерін бағалау үшін тексерілетін субъектілерге (объектілерге) қойылатын өлшемшарттар ерескел, елеулі және болмашы болып бөлінеді.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу кезінде орындалмаған өлшемшарттардың үлес салмағы айқындалады.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі талаптардың бұзушылықтары бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтардың көрсеткіштерін айқындаған кезде 0,7 коэффиценті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\begin{aligned}\Sigma P_3 = & (\\ & \Sigma P_2 \times 100 / \\ & \Sigma P_1) \times 0,7 \\ & \text{мұнда:}\end{aligned}$$

ΣP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;;

ΣP_1 елеулі бұзушылықтардың жалпы саны;

ΣP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін айқындаған кезде 0,3 коэффиценті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\begin{aligned}\Sigma P_H = & (\\ & \Sigma P_2 \times 100 / \\ & \Sigma P_1) \times 0,3 \\ & \text{мұнда:}\end{aligned}$$

ΣP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

ΣP_1 – болмашы бұзушылықтардың жалпы саны;

ΣP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (ΣP) 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және мына формула бойынша көрсеткіштерді қосу арқылы анықталады:

$$\Sigma P =$$

Σ
 $P_3 +$

Σ
 P_H

мұнда:

Σ
 P - тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

Σ
 P_3 - елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

Σ
 P_H - болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

14. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъект (объект) мыналарға жатады:

1) тәуекелдің жоғары дәрежесі - 60-тан 100-ге дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты ішінара тексеру жүргізіледі;

2) тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатпайтын - 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты ішінара тексеру жүргізіледі..

15. Тәуекел дәрежелерін талдау және бағалау кезінде нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты одан бұрын есепке алынған және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

16. Іріктеп тексерулердің жиілігі жылына бір реттен жиі болмауы тиіс.

17. Іріктеп тексерулер жүргізілген талдау және бағалау нәтижелері бойынша жарты жылға қалыптастырылатын, реттеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен іріктеп тексеру тізімдерінің негізінде жүргізіледі және тиісті есепті кезең басталғанға дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша уәкілетті органға жіберіледі.

18. Іріктеп тексерулердің тізімдері:

1) субъективті өлшемшарттар бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің басымдығын;

2) мемлекеттік органның тексерулердің жүргізетін лауазымдық тұлғаларына түсетін жүктемелерін ескере отырып жасалады.

Астық нарығын реттеу
саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
қосымша

**Астық нарығын реттеу саласындағы тәуекел дәрежелерін бағалау
өлшемшарттары**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.06.2016 № 263 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.06.2016 № 290 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

№	Өлшемшарттардың атауы	Бұзушылық дәрежесі
1.	"Алдыңғы тексерулердің нәтижелері" акпарат көзі бойынша (ауырлық дәрежесі төмендегі келтірілген талаптар сакталмаған жағдайда белгіленеді):	
Астық қабылдау кәсіпорындары		
1	Астық қолхаттары тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сақталуын қамтамасыз ету	өрескел
2	Сақтау кезінде астықтың температурасын және ылғалдылығын бақылауға арналған ақаусыз жабдықтың болуы	өрескел
3	Астық қабылдау кәсіпорындарына келіп түскен астықты тиісті түрде ресімдеу	өрескел
4	Астықты тазалауды, кептіруді тиісті түрде рәсімдеу	өрескел
5	Астықты тиеп-жөнелтуді тиісті түрде ресімдеу	өрескел
6	Астықтың сандық-сапалық есебі кітабын тиісті түрде жүргізу	өрескел
7	Астықтың есептелген нақты салмағын айқындау тәртібінің сақталуы	өрескел
8	Астық қолхатын шығару және өтеу мерзімін сақтау	өрескел
9	Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне шынайы ақпаратты енгізу	өрескел
10	Астыққа арналған тауарлы-көліктік жүккүжатының болуы	елеулі
11	Орташа тәуліктік сынама бойынша сапасын айқындаі отырып, автомобиль көлігімен қабылданған астыққа арналған жүккүжаттар тізілімінің болуы	елеулі
12	Астықты қысқы сақтау жағдайына ауыстыру бойынша іс-шараларды уақытылы жүргізу	елеулі
13	Технологиялық жабдықтардың (астық тазалау машиналары, астық кептіру жабдығы), таразы жабдықтарының (белгіленген тәртіппен тексерілген), тиеву-түсіру құрылыштарының, көтергіш-көліктік жабдықтардың, жылжымалы көлік жабдығының, белсенді желдеткіш жабдығының, астық сақтауға арналған сыйымдылықтың, сақтау кезінде астықтың температурасы мен ылғалдылығын бақылауға арналған жабдықтың болуы	елеулі
14	Астық қоймаларының және олардың технологиялық желілерінің жарамды жай-куйін қамтамасыз ету	елеулі
15	Жүктерді автомобильдік және теміржол таразыларында өлшеуді тіркеу журналының болуы	болмашы
16	Астықты зертханалық талдау нәтижелерін тіркеу журналының болуы	болмашы
17	Астықты тиеп-жөнелтүге алынған бұйрықтарды есепке алу журналының болуы	болмашы
18	Әртүрлі дақылдар астығын сақтау кезінде астықтың толық техникалық талдануын уақытылы жүргізу (біртекті партиядан сұрыпталған орташа сынама бойынша айна бір рет)	болмашы
19	Астық қоймалары алаңының (астық қабылдау пунктінің) 10%-ы мөлшерінде бос қойма сыйымдылығының, элеваторларда - сұрлем үстіндегі транспортердің әркайсыына кемінде бір бос сүрлемнің болуы	болмашы
20	Сақтаудағы астықтың температурасына бақылаудың уақытылы жүргізілгенін растайтын сақтаудағы астықты қадағалау журналының болуы	болмашы
2.	"Бақылау субъектілері астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері" акпарат көзі бойынша:	

1	Астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелгендігі туралы ақпаратты ұсынбау	елеулі
2	Сатып алған, жазылған, өтелген, бұлған және таза астық қолхаттары бланкілері бойынша ақпарат ұсынбау	елеулі
3	Астық қабылдау кәсіпорынна жаңа түсімнен сақтауға келіп түскен астықтың саны мен сапасы туралы ақпаратты ұсынбау	елеулі
3. "Бақылау субъектілеріне мақта нарығына қатысуышылардан келіп түсетін расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар мыналар болып табылады:		
1	Астық қабылдау кәсіпорындарына қабылдау және тиеп-жөнелту кезінде астық сапасының көрсеткіштерін айқындау бойынша, астық қолхаттарын шығару, олардың айналымы және оларды өтеу бойынша бақылау субъектілеріне түскен расталған шағымдар мен өтініштердің болуы	елеулі

Қазақстан Республикасы
Аудыл шаруашылығы министрінің

2015 жылғы 25 желтоқсандағы

№ 15-03/1134 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 813 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы тәуекел

дәрежелерін бағалау өлшемшарттары

1. Жалпы ережелер

1. Осы мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежелерін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандығы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 3-тармағына сәйкес, мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу және ішінara тексеру жүргізу кезінде тексерілетін субъектілерді іріктеу үшін әзірленді.

Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) болмашы бұзушылық – мақтаның қауіпсіздігі және сапасы саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптарды мақтаның қауіпсіздігі және сапасы саласындағы құжаттаманы дұрыс жүргізбеу бөлігінде бұзу;

2) елеулі бұзушылық – мақтаның қауіпсіздігі және сапасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды шитті мақтаны тазалауды, кептіруді тиісті түрде жасамау, мақта қолхатын беру, өтеу, сақтау мерзімін сақтамау, технологиялық жабдықтардың болмауы, сондай-ақ мақтаның қауіпсіздігі және сапасы саласындағы ақпаратты және құжаттаманы уақытында ұсынбау бөлігінде бұзу;

3) мақта нарығының мониторингі - мақта нарығына қатысуышылар жүзеге асыратын мақтаны өндіруді, өндеуді, сақтауды және өткізуді қоса алғанда, мақта

нарығы деректерін жинауға, пысықтауға және талдауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;

4) объективті өлшемшарттар – мақтаның қауіпсіздігі және сапасы саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын және жеке тексерілетін субъектіге (объектіге) тікелей тәуелсіз болатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

5) өрекел бұзушылық – Қазақстан Республикасының тоқыма және тамақ өнеркәсібінің негізін құрайтын стратегиялық тауар болып табылатын мақта сапасының ушығуына, шитті мақтаны және талшықты мақтаны сақтау шарттарын сақтамауына, оларға берілген мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді астық өндеуші ұйымдардың орындаудың алып келуі мүмкін мақтаның қауіпсіздігі және сапасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу;

6) субъективті өлшемшарттар - нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежелерін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел - бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде шитті мақтаны өсіру кезінде, сондай-ақ шитті мақтаны сақтау және өндеу кезінде туындайтын адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға оның ішінде өсімдік және жануарлар дүниесіне зиян келтіру ықтималдылығы.;

8) тексерілетін субъектілер – шитті мақтаны өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен, мақта талшығына өндеумен және мақта өткізумен байланысты қызметті жүзеге асыратын занды тұлғалар (мақта өндеу кәсіпорындары, сараптамалық ұйымдар, мақта сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалар).

3. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу объективті өлшемшарттар мен субъективті өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Объективті өлшемшарттар

4. Объективті өлшемшарттар тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тәуекел дәрежелері бойынша (жоғары және жоғарыға жатқызылмаған) бөлу мақсатында әзірленген.

5. Бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежесін объективті өлшемшарттар бойынша бағалау және олардың тәуекелдің жоғары тобына жатқызу адамның өміріне немесе денсаулығына, жеке және занды тұлғалардың занды мүдделеріне, мемлекеттің мұліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы негізінде, олардың салдарының ауырлық дәрежесін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Мақта өндеу үйымдарының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің занды, экономикалық және мұлікті мұдделеріне айтарлықтай зиян келтіруі, шитті мақтаны және оның өндеу өнімдерін қабылдау, сақтау және бастапқы өндеу кезінде шитті мақтаның сандық-сапалық көрсеткіштерін жасанды төмендетуден көрінген.

6. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне астық өндеуші үйымдар жатады.

7. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылмағандарға келесі субъектілер жатады:

1) мақта талшығының сапасына және мақта талшығы сапасының паспортын тапсыруды жүзеге асыратын сарапшы үйымдар;

2) мақта сапасын сараптамасы бойынша аккредиттелген үйымдар.

8. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған тексерілетін субъектілерге (объектілерге) қатысты ішінана, жоспардан тыс тексерулер мен бақылаудың өзге де нысандары қолданылады.

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылмаған тексерілетін субъектілерге (объектілерге) қатысты жоспардан тыс тексерулер мен бақылаудың өзге де нысандары қолданылады.

3. Субъективті өлшемшарттар

9. Субъективті өлшемшарттар техникалық регламенттің және тексеру парактариңда санамаланған мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптары негізінде әзірленген, олар үш дәрежеге бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы және осы Өлшемшарттарға қосымшада келтірілген.

10. Субъективті критерийлерді айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады.

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелді бағалау.

Бақылау субъектілері бойынша ақпаратты талдау үшін мынадай ақпарат көзі пайдаланылады:

1) бақылау субъектілерін бұрынғы тексерулерді талдау нәтижелері бұл ретте, бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеру парактариңда көрсетілген заңнама талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді;

2) бақылау субъектілері жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелеріне ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

3) бақылау субъектілеріне занды немесе жеке тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түсетін расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны.

11. Осы өлшемшарттардың 10-тармағында айқындалған ақпарат көздерінің негізінде осы өлшемшарттарға қосымшаға сәйкес тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары айқындалады, оларға тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері беріледі.

12. Субъективті өлшемшарттардың тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

13. Алдыңғы тексерулер нәтижелері бойынша тәуекел дәрежелерін бағалау үшін тексерілетін субъектілерге (объектілерге) қойылатын өлшемшарттар ерескел, елеулі және болмашы болып бөлінеді.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу кезінде орындалмаған өлшемшарттардың үлес салмағы айқындалады.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі талаптардың бұзушылықтары бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтардың көрсеткіштерін айқындаған кезде 0,7 коэффиценті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_3 = ($$

$$\sum P_2 \times 100 /$$

$$\sum P_1) \times 0,7$$

мұнда:

$\sum P_3$ – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$\sum P_1$ – елеулі бұзушылықтардың жалпы саны;

$\sum P_2$ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін айқындаған кезде 0,3 коэффиценті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_H = ($$

$$\sum P_2 \times 100 /$$

$$\sum P_1) \times 0,3$$

мұнда:

$\Sigma P_{\text{Н}}$ – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

ΣP_1 – болмашы бұзушылықтардың жалпы саны;

ΣP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (P) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады:

$$\Sigma P =$$

$$\Sigma P_3 +$$

$$\Sigma P_{\text{Н}}$$

мұндағы:

ΣP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

ΣP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\Sigma P_{\text{Н}}$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

14. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъект (объект) мыналарға жатады:

1) тәуекелдің жоғары дәрежесі - 60-тан 100-ге дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты ішінана тексеру жүргізіледі;

2) тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатпайтын - 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты ішінана тексеру жүргізіледі..

15. Тәуекел дәрежелерін талдау және бағалау кезінде нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты одан бұрын есепке алынған және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

16. Іріктеп тексерулердің жиілігі жылына бір реттен жиі болмауы тиіс.

17. Іріктеп тексерулер жүргізілген талдау және бағалау нәтижелері бойынша жарты жылға қалыптастырылатын, реттеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен іріктеп тексеру тізімдерінің негізінде жүргізіледі және тиісті

есепті кезең басталғанға дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша уәкілетті органға жіберіледі.

18. Иріктең тексерулердің тізімдері:

1) субъективті өлшемшарттар бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесін көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің басымдығын;

2) мемлекеттік органның тексерулердің жүргізетін лауазымдық тұлғаларына түсетең жүктемелерін ескере отырып жасалады.

Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
қосымша

Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

№	Өлшемшарттар атауы	Бұзушылық дәрежесі
1	"Бұрынғы тексерулердің нәтижелері" акпарат көзі бойынша (ауырлық дәрежесі төмендегі келтірілген талаптар сакталмаған жағдайда белгіленеді):	
	Мақта өндегу кәсіпорындары	
1	Мақта қолхаттарының деректеріне сәйкес шитті мақтаның сақталуын қамтамасыз етпеу	өрескел
2	Мақтау өндейтін кәсіпорындарға келіп түсетең шитті мақтаның тиісінше ресімделмеуі	өрескел
3	Шитті мақтаны, мақта талшығын тиеп-жөнелтудің тиісінше ресімделмеуі	өрескел
4	Шитті мақтаны қабылдау бойынша шитті мақтаны сандық-сапалық есепке алу кітабын жүргізуге қойылатын талаптардың сакталуы	елеулі
5	Мақта қабылдау пунктіне келіп түсетең шитті мақтаға арналған тауарлық-көліктік жүккүжаттардың болмауы	елеулі
6	Шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы өндегудің технологиялық операцияларын жүзеге асыруға арналған жабдықтардың (таразы, желдеткіш, тиеп-түсіру механизмдері) болмауы	елеулі
7	"Мақтаны сандық-сапалық есепке алуды жүргізу қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 4-6/955 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12352 болып тіркелген) бекітілген Мақтаны сандық-сапалық есепке алуды жүргізу қагидаларына сәйкес белгіленген нысан бойынша белгіленген талаптарға сәйкес шитті мақтаны өлшеу нәтижелерін енгізу үшін шитті мақтаны қабылдауды өлшеу журнальның болмауы	елеулі
8	Мақта қолхаттары тізілімін дұрыс жүргізбеу	елеулі
9	Шитті мақтаны қабылдауды және оны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына жөнелтуді салыстырып тексеру актілерінің болмауы	елеулі
10	Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына тиеп-жөнелту кезінде тауарлық-көліктік жүккүжаттарды жасаудың болмауы	елеулі
11	"Мақтаны сандық-сапалық есепке алуды жүргізу қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 4-6/955 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12352 болып тіркелген) бекітілген Мақтаны сандық-сапалық есепке алуды жүргізу болмашы	

	қағидаларына сәйкес белгіленген нысан бойынша алынған тиеп-жөнелтуге арналған (бұйрықтарды) есепке алу журналының болмауы	
12	Мақтамен жүргізілген операциялар көрініс тапқан құжаттарды сактау мерзімдерінің сақталмауы	болмашы
13	"Мақтаны сандық-сапалық есепке алууды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қазандығы № 4-6/955 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12352 болып тіркелген) бекітілген Мақтаны сандық-сапалық есепке алууды жүргізу қағидаларына сәйкес белгіленген нысан бойынша шитті мақтаны талдау карточкаларының және шитті мақтаның ылғалдылығы мен ластануын талдау нәтижелерін тіркеу журналының болмауы	болмашы
14	"Мақтаны сандық-сапалық есепке алууды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қазандығы № 4-6/955 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12352 болып тіркелген) бекітілген Мақтаны сандық-сапалық есепке алууды жүргізу қағидаларына сәйкес белгіленген нысан бойынша шитті мақтаны қабылдау туралы квитанциялардың болмауы	болмашы
Мақта талшығының сапасына сараптама жүргіzetін және мақта талшығының сапа паспортын беруді жүзеге асыратын сараптамалық үйымдар		
15	Біліктілік талаптарына жауап беретін, мақта талшығын классерлік бағалауға арналған меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі үй-жайдың болмауы	елеулі
16	Казақстан Республикасында бекітілген немесе қолдануға жол берілген мақта талшығының жабдықталған сыртқы көрінісінің стандарттық үлгілерінің болмауы	болмашы
17	Мақта талшығы сынамаларын бума бойынша іріктеуді тіркеу журналының тиісінше толтырылмауы	болмашы
18	Мақта талшығы сынамаларын қабылдау журналының тиісінше толтырылмауы	болмашы
19	"Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 4-1/618 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12009 болып тіркелген) бекітілген Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидаларына сәйкес белгіленген нысан бойынша мақта талшығының сапа паспортының дұрыс ресімделмеуі	елеулі
20	Сынақтардан кейін мақта талшығы иесі партияны тиеп-жөнелткенге дейін сараптамалық үйым зертханасында мақта талшығы сынамаларын сактау тәртібінің бұзылуы	елеулі
Мақта сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалар		
21	"Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанын (үлгісін) және мақта талшығының сапасы паспортының нысанын (үлгісін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-5/280 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12152 болып тіркелген) бекітілген Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларына, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанына (үлгісіне) және мақта талшығының сапасы паспортының нысанына (үлгісіне) сәйкес белгіленген нысан бойынша сынамаларды іріктеу актісінің болмауы	болмашы
	"Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанын (үлгісін) және мақта талшығының сапасы паспортының нысанын (үлгісін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-5/280 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12152	

	22	болып тіркелген) бекітілген Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларына, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанына (ұлгісіне) және мақта талшығының сапасы паспорттының нысанына (ұлгісіне) сәйкес белгіленген нысан бойынша шитті мақта сынамаларын тіркеу журналының болмауы	болмашы
	23	"Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанын (ұлгісін) және мақта талшығының сапасы паспорттының нысанын (ұлгісін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-5/280 бүйрігымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12152 болып тіркелген) бекітілген Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларына, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанына (ұлгісіне) және мақта талшығының сапасы паспорттының нысанына (ұлгісіне) сәйкес белгіленген нысан бойынша шитті мақтаның сапасы туралы куәліктерді тіркеу журналының болмауы	болмашы
	24	"Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанын (ұлгісін) және мақта талшығының сапасы паспорттының нысанын (ұлгісін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-5/280 бүйрігымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12152 болып тіркелген) бекітілген Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларына, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанына (ұлгісіне) және мақта талшығының сапасы паспорттының нысанына (ұлгісіне) сәйкес белгіленген нысан бойынша шитті мақтаның сапасы туралы куәліктерді ресімдеудің жүзеге асырылмауы	болмашы
	25	Берілген шитті мақтаның сапасы туралы куәліктер көшірмелерін бір жыл ішінде сактаудың бұзылуы	болмашы
	26	Тиеп-жөнелтілген және сактаудағы партияларға арналған шитті мақта сынамаларын сактаудың бұзылуы – сапа туралы куәліктің қолданылу мерзімі ішінде	болмашы
	27	Тиеп-жөнелтілген және сактаудағы партияларға арналған шитті мақта сынамаларын сактаудың бұзылуы – сапа бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда – келіспеушіліктерді қарастырылғанда деңгейде	болмашы

2. "Бақылау субъектілері жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелеріне ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері" ақпарат көзі бойынша:

1	Макта нарығына қатысушыларда шитті мақта мен оны бастапқы өндегінен болуы және қозғалысы туралы есептілік нысаны бойынша есептің ұсынылмауы	елеулі
2	Макта иелеріне макта қолхаттарын беру туралы есептің ұсынылмауы	елеулі
3	Макта қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды сактау мәселелері бойынша есептіліктің уақытылы ұсынылмауы	болмашы

3. "Бақылау субъектілеріне макта нарығына қатысушылардан келіп түсsetін расталған шағымдар мен оттініштердің болуы және саны" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар мыналар болып табылады:

1	Макта қабылдау үйімінде келіп түсsetін шитті мақта сапасының көрсеткіштерін анықтау бойынша бақылау субъектілеріне, сондай-ақ қаралуы бойынша Қазақстан Республикасының макта қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы заңнамасы бұзылған жағдайда жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелері бақылау субъектісін әкімшілік жауапкершілікке тартқан және қаралуы бойынша анықталған Қазақстан Республикасының макта қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы заңнамасын	
---	--	--

бұзушылықтарды жою бойынша жергілікті аткаруыш органның құрылымдық бөлімшелері бақылау субъектісіне нұсқама берген бір және одан да көп расталған шағымдар мен өтініштердің болуы елеулі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 15-03/1134 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 813 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

Астық нарығын реттеу саласындағы тексеру парагы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.06.2016 № 263 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.06.2016 № 290 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

қатысты

(тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)
Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеру тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) жеке сәйкестендіру
нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Қойылатын	Қойылатын
				талаптарға сәйкес келеді	талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6

Астық қабылдау көсіпорындары

1	Астық қолхаттары тізілімі деректеріне сәйкес астықтың сақталуын қамтамасыз ету				

2	Сақтау кезінде астықтың температурасын және ылғалдылығын бақылауға арналған ақаусыз жабдықтың болуы		
3	Астық қабылдау кәсіпорнына келіп түсетін астықты тиісінше ресімдеу		
4	Астық тазалауды, кептіруді тиісінше ресімдеу		
5	Астықты тиеп-жөнелтуді тиісінше ресімдеу		
6	Астықты сандық-сапалық есепке алу кітабын тиісінше жүргізу		
7	Астықтың есептелген нақты салмағын дұрыс айқындау		
8	Астық қолхатын шығару және өтеу мерзімін сақтау		
9	Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне шынайы ақпаратты енгізу		
10	Астыққа арналған тауарлы-көліктік жүккүжаттардың болуы		
11	Орташа тәуліктік сынамасы бойынша сапасын айқындаі отырып, автомобиль көлігімен қабылданған астыққа арналған жүккүжаттар тізілімдерінің болуы		
12	Астықты сақтаудың қысқы жағдайына ауыстыру жөніндегі іс-шараларды уақтылы жүргізу		
13	Технологиялық жабдықтардың (астық тазалау машиналары, астық кептіру жабдығы), таразы жабдықтарының (белгіленген тәртіппен тексерілген), тиеу-түсіру құрылғыларының, көтергіш-көліктік жабдықтарының, жылжымалы көлік жабдығының, белсенді желдеткіш жабдықтың, астық сақтауға арналған сыйымдылықтың, сақтау кезінде астықтың температурасы мен ылғалдылығын бақылауға арналған жабдықтың болуы		
14	Астық сақтау коймаларының және олардың технологиялық жөлілерінің ақаусыз жай-куйде қамтамасыз ету		
15	Жүктерді автомобиль және теміржол таразыларында өлшеуді тіркеу журналының болуы		
16	Астықты зертханалық талдау нәтижелерін тіркеу журналының болуы		
17	Астықты тиеп-жөнелтуге алынған бұйрықтарды есепке алу журналының болуы		
18	Әртүрлі дақылдар астығын сақтау кезінде астықтың толық техникалық талдануын уақтылы жүргізу (біртекті партиядан сұрыпталған орташа сынама бойынша айна бір рет)		
19	Астық сақтау қоймасы алаңының (астық қабылдау пунктінің) 10%-ы мөлшерінде бос қойма сыйымдылығының, элеваторларда – сүрлем үстіндегі транспортердің әрқайсысына кемінде бір бос сурлемнің болуы		
20	Сақтаудағы астық температурасына бақылаудың уақтылы жүргізілгенін растайтын сақтаудағы астықты қадағалау журналының болуы		
Астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттеген зертханалар			

21	Зертхананың акредиттеу аттестатының болуы			
22	Сынамаларды іріктеу актілерінің болуы			
23	Астық сынамаларын тіркеу журналының болуы			
24	Сынақтар хаттамасын, сынақ нәтижелерін тіркеу журналын толтыру			
25	Астық сапасы паспорттарын тиісті түрде рәсімдеу			
26	Берілген астықтың сапасы паспорттарының көшірмелерін сақтаудың белгіленген мерзімдерін сақтау			
27	Тиеп-жөнелтілген және сақтаудағы партияларға арналған астықтың буып-түйілген және мөрленген сынамаларын астықтың сапасы паспортының қолданылу мерзімі ішінде тиісінше сақтау			
28	Сапа бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда астықтың буып-түйілген және мөрленген сынамаларын тиісінше сақтау – келіспеушіліктерді қарау толықтай аяқталғанға дейін			

Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының астық нарығын реттеу саласындағы заңнамасын сақтаулын және тексерілетін субъектілердің қызметін бақылауды жүзеге асыру

29	Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензияны беру бойынша талаптарды сақтау			
30	Мыналарды қамтитын астық қабылдау кәсіпорындарын бақылау бойынша талаптарды сақтау: бекітілген кестелерге сәйкес жаңа егіннің астығын қабылдауға дайындығы тұрғысынан астық қабылдау кәсіпорындарын жыл сайынғы тексеру; астық қабылдау кәсіпорындарын зерттеп-тексеру актілерін ресімдеу			
31	Астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тұтастай немесе жекелеген операцияларды жүзеге асыру болігінде алты айға дейінгі мерзімге токтата тұру бойынша талаптарды сақтау			
32	Астық қабылдау кәсіпорындарының Қазақстан Республикасының Қәсіпкерлік кодексіне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу; астықты сақтау; астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу қағидаларын сақтауын бақылау бойынша талаптарды сақтау			
33	Астық қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылау бойынша талаптарды сақтау			
34	"Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қантардағы Заңының 28-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде астық қабылдау кәсіпорынан астықты көліктің кез келген түрімен тиеп жөнелтуге тыйым салу бойынша талаптарды сақтау			
35	Астық қабылдау кәсіпорның уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы арызды сотқа уақтылы беру			

36	Астық нарығына қатысушылардың астығының накты бар-жоғы мен сапасын және оның есепті деректерге сәйкестігін тексеру бойынша талаптарды сактау			
37	Астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы хабарламаны уақтылы жіберу			

Лауазымды адам (-дар) _____
 (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
 (бар болған жағдайда)

 (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
 (бар болған жағдайда)
 Тексерілетін
 субъектінің басшысы _____

—
 (тегі, аты, әкесінің аты (қолы)
 (бар болған жағдайда), лауазымы)

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы министрінің
 2015 жылғы 25 желтоқсандағы
 № 15-03/1134 және
 Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2015 жылғы 28 желтоқсандағы
 № 813 бірлескен бұйрығына
 4-қосымша

Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы тексеру параги

қатысты

(тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)
 Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

—
 Тексеру тағайындау туралы акт _____
 (№, күні)
 Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) жеке сәйкестендіру нөмірі/
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Қойылатын талаптарға сәйкес келеді	Қойылатын талаптарға сәйкес келмейді	
				3	4	5
Мақта өндеу кәсіпорындары						
1	Белгіленген нысан бойынша мақта қолхаттарының болуы					
2	Мақта өндеу кәсіпорына түсетін шитті мақтаны тиісінше ресімдеу					
3	Шитті мақтаны, мақта талшығын тиеп-жөнелтуге тиісінше ресімдеу					
4	Шитті мақтаны сандық-сапалық есепке алу кітабын жүргізу, шитті мақтаны қабылдау жоніндегі талаптарды сақтау					
5	Мақта қабылдау пунктіне келіп түскен шитті мақтаға тауарлық-көліктік жүккүжаттарының болуы					
6	Шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы өндеудің технологиялық операцияларын жүзеге асыруға арналған жабдықтардың (таразы, желдеткіш, тиеп-тұсіру механизмдерінің) болуы					
7	Шитті мақтаны белгіленген талаптарға сәйкес шитті мақтаны өлшеу нәтижелері бойынша қабылдаудың өлшеу журналының болуы					
8	Мақта қолхаттары тізлімінің болуы					
9	Жасалған шитті мақтаны қабылдауды және мақта қабылдау пунктінен мақта қабылдау зауытына жіберуді салыстырып тексеру актілерінің болуы					
10	Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына тиеп-жөнелту кезінде тауарлық-көліктік жүккүжаттың болуы					
11	Тиеп-жөнелтуге алынған шешімдерді (бұйрықтарды) есепке алу журналының болуы					
12	Мақтамен жүргізілген операциялар көрініс тапқан құжаттарды сақтау мерзімдерін сақтау					
13	Шитті мақтаны талдау карточкаларының болуы					
14	Шитті мақтаны қабылдау туралы квитанциялардың болуы					
Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізетін және мақта талшығының сапа паспортын беруді жүзеге асыратын сараптамалық ұйымдар						
15	Біліктілік талаптарына жауап беретін, мақта талшығын классерлік бағалауға арналған мешілк құқығындағы немесе өзге де заның негіздегі үй-жайдың болуы					

16	Казақстан Республикасында бекітілген немесе қолдануға жол берілген мақта талшығының сыртқы көрінісінің стандарттық үлгілерінің болуы			
17	Мақта талшығы сынамаларын бума бойынша іріктеуді тіркеу журналының тиісінше толтырылуы			
18	Мақта талшығы сынамаларын қабылдау журналының тиісінше толтырылуы			
19	Мақта талшығының сапа паспортының дұрыс ресімделуі			
20	Сынектардан кейін мақта талшығы иесі партияны тиеп-жөнелткенге дейін сараптамалық ұйым зертханасында мақта талшығы сынамаларын сактау			
Мақта сапасын сараптау жөніндегі аккредиттеген зертханалар				
21	Зертхананы аккредиттеу аттестатының болуы			
22	Сынамаларды іріктеу актісінің болуы			
23	Шитті мақта сынамаларын тіркеу журналының болуы			
24	Шитті мақтаның сапасы туралы күәліктерді тіркеу журналының болмауы			
25	Шитті мақтаның сапасы туралы күәліктерді ресімдеу			
26	Берілген шитті мақтаның сапасы туралы күәліктер көшірмелерін бір жыл ішінде сактау			
27	Тиеп-жөнелтілген және сактаудағы партияларға арналған шитті мақта сынамаларын сақтаудың бұзылуы – сапа туралы күәліктің қолданылу мерзімі ішінде сактау			
28	Тиеп-жөнелтілген және сактаудағы партияларға арналған шитті мақта сынамаларын сақтаудың бұзылуы – сапа бойынша түсініспеушіліктер болған жағдайда – түсініспеушіліктерді қарау толықтай аяқталғанға дейін сактау			

Лауазымды адам (-дар) _____

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты

(бар болған жағдайда)

_____ (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты

(бар болған жағдайда)

Тексерілетін

субъектінің басшысы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (қолы)

(бар болған жағдайда), лауазымы)